



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ



«Бекітілді»



«Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ Басқарма
Төрағасы-ректор
С.Н.Идрисов
« 5 » 01 2025 ж

№ 229

**«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ-ның ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРМЕН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
СИПАТТАҒЫ ШАРТТАР ЖАСАСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

Атырау 2025 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылымы
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ның жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу туралы ережесі	2-бет

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Заңгер	Куанов К.С		05.01.2025
Келісілді	Аппарат жетекшісі	Кайргалиева Г.К.		05.01.2025
	Бас есепші	Исмагамбетова Р.Д.		
	Сапа мониторингі кенсесінің жетекшісі	Кайшыгулова Ж.Т.		05.01.2025
	Ішкі аудит қызметінің жетекшісі	Телишева Г.А.		05.01.2025



 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылымы
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ның жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу туралы ережесі	3-бет

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Қолдану саласы	4
5	Жалпы ережелер	5
6	Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу және қызметтерді қабылдау тәртібі	6
7	Қорытынды ережелер	7
8	Танысу парағы	7
9	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	8
10	№ 1 қосымша	9-10

6 -







 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылымы
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ның жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу туралы ережесі	4- бет

1	Қолдану саласы
1.1	Жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар (өтеулі қызмет көрсету) жасасу тәртібі туралы ереже қолданыстағы ҚР заңнамасының нормаларын сақтау, оның бұзылуына жол бермеу мақсатында кәсіпкерлік қызмет субъектілері емес жеке тұлғалармен өтеулі қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу рәсімін регламенттеу мақсатында әзірленді.
1.2	Осы Ереженің талаптары Университетпен еңбек қатынасындағы барлық қызметкерлер үшін міндетті.
2.	Қысқартулар
2.1	АСЖП -академиялық сұрақтар жөніндегі проректор СМК-сапа мониторингі кеңсесі ҚББ -құрылымдық бөлімшенің басшысы АҚСШ - азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт Орындаушы – кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайын жеке тұлға Таспырыш беруші – «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
3	Нормативтік сілтемелер
3.1	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлігі)
3.2	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
4	Жалпы ережелер
4.1	Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты (Өтеулі қызмет көрсету) шарты бойынша Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір әрекеттерді жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттеледі, ал Тапсырыс беруші осы қызметтерге ақы төлеуге міндеттеледі. Осы Шарттың Тараптары арасындағы құқықтық қатынастар ҚР азаматтық заңнамасының нормаларымен реттеледі. Егер университет қызметкерінің лауазымдық міндеттерінде көзделмеген немесе құрылымдық бөлімшелердің жұмысынан тыс қызметтер көрсету қажет болған жағдайда жеке тұлғалармен өтеулі қызметтер көрсету шарты жасалады. Шарт белгілі бір мерзімге, яғни шарт бойынша қызмет көрсету мерзіміне жасалады. Бірдей қызмет көрсетуге арналған шартты жүйелі түрде жасасуға жол берілмейді. Жеке тұлғалармен Азаматтық-құқықтық сипаттағы (өтеулі қызметтер көрсету) шарттары осы Ереженің №1 қосымшасында көрсетіліп бекітілген нысанға сәйкес заңгер бұрыштамасымен жасалады және бухгалтерияда өтеулі қызметтер көрсету шарттарын тіркеу журналына тіркеледі.
4.2	Нақты еңбек қатынасымен реттелетін Қызметкер мен Жұмыс беруші арасында азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарды жасасуға жол берілмейді.
5	Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу және қызметтерді қабылдау тәртібі






 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылымы
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ның жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу туралы ережесі	5- бет

5.1	Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (Өтеулі қызмет көрсету) шартын жасауға қызмет көрсету қажеттілігі туындаған құрылымдық бөлімшенің басшысы бастама жасайды.
5.2	Азаматтық-құқықтық сипаттағы шартын (Өтеулі қызметтер көрсету) жасауға бастама жасаған ҚББ қаржыландыру көзін (бюджет, бюджеттен тыс) көрсете отырып, жеке тұлғамен шарт жасасу қажеттігін негіздей отырып, 3 баға ұсынымын құрайтын прайстан кем емес қосымшаны көрсете отырып, қызметтік хатты (ұсынысты) ұсынады. АҚСШ бойынша ақы төлеу бюджеттен тыс қаражат есебінен төленеді.
5.3	Азаматтық-құқықтық сипаттағы (Өтеулі қызмет көрсету) шартын жасау бастамашысы ретіндегі ҚББ-ның ұсынысын Басқарма төрағасы-ректор экономика-жоспарлау бөлімі басшысы тарапынан прайс баға ұсынымдары талданып, келісілгеннен кейін бекітіледі. Бір қызметтің ортақ бағасы ұсынылған прайстардағы бағалардың орташа бағасын анықтаған экономика-жоспарлау бөлімі жетекшісінің қолы қойылып анықталады.
5.4	Құрылымдық бөлімше басшысының жеке тұлғамен өтеулі қызметтерді көрсетуге шарт жасасу туралы ұсынысы Басқарма Төрағасы-ректор қол қойғанға дейін мына критерийлер бойынша келісіледі: - шарттың бекітілген нысанына сәйкестігі және Ереженің талаптарына сәйкестігі (заңгер);
5.5	Шарт бойынша қызмет көрсетуден немесе түпкілікті қызмет көрсетуден кейін өтеулі қызметтер көрсету шартының бастамашысы тиісті өтеулі қызметтер көрсету шарты бойынша көрсетілген қызметтер актісін (КҚА) ресімдейді және бұрыштама қояды. Шарт бастамашысының актіге бұрыштама қоюы Орындаушының барлық қызметтерді толық көлемде, белгіленген мерзімде, тиісті сапада көрсеткенін және төленуге жататынын куәландырады. Қол қойылған және бекітілген қызмет көрсету актісі ақы төлеуге негіз болады.
5.6	Қызмет көрсету мерзімдері сақталмаған жағдайда, немесе сапасыз қызмет көрсетілген немесе басқа да себептер анықталған жағдайда ҚББ бастамашы ретінде Орындаушыға қызметті қабылдаудың себептерін, қызметті қабылдау кезінде анықталған кемшіліктерді жою мерзімін көрсете отырып, жазбаша түрде қарсылық береді.
5.7	Шарт бойынша ақы төлеу тиісті қызмет көрсетілгеннен кейін бастамашы болған ҚББ қабылдаған және қол қойған актіге сай төленеді. Көрсетілген қызмет ұзақ мерзімде атқарылатын жағдайда төлем ай сайын жасалуы мүмкін.
5.8	Орындаушының оларды шарт жасаспай немесе өтеулі қызмет көрсету шарты жасалғанға дейін акт бойынша қабылдап, қызмет көрсетуіне жол берілмейді және бұл ҚР заңнамасын бұзу болып табылады.
5.9	Университет қызметкерлерінің осы Ереженің талаптарын орындамауы және жеке тұлғалармен өтеулі қызметтер көрсету шарттарын жасасу кезінде ҚР заңнамасын бұзуы нормативтік-құқықтық актілердің тиісінше орындалмағанын куәландырады және жаза қолдануға әкеп соғады.

С. -

А. -

К. -

А. -

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылымы
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ның жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу туралы ережесі	6- бет

6	Қорытынды ережелер
6.1	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін мыналар негіз болуы мүмкін: - заңды күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар; - Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығы; - құрылымдық бөлімшелерді қайта құру/ұйымдастыру - құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу; - ҚББ-ның өзгерістерді енгізу себептері көрстеліген Басқарма төрағасы – ректордің келісімі алынуымен жасаған ұсынысы
6.2	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ережелерді әзірлеу тәртібі туралы ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі
6.3	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ҚББ жауапты болады
6.4	Мерзімді түрде, қажет болған жағдайда, ережелерді ҚББ қайта қарайды.
6.5	Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген кезде ереже ауыстырылуы керек.
6.6	Ауыстыру кезінде университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы керек.
6.7	ИСО 9001:2015 халықаралық стандартының талаптары
6.8	Ереженің Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің және ИСО 9001: 2015 ХС талаптарына сәйкес келісуін СМК жүзеге асырады.
6.9	Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын жіберуді СМК жүзеге асырады.
6.10	Бөлімшеде Ереженің есепке алынған жұмыс данасын сақтауға ҚББ жауапты болады.
6.11	Ереженің әрбір беті оны жасақтауға қатысқан және келіскен тұлғалармен парафирленеді









ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылымы
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ның жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу туралы ережесі	9-бет

№ 1 Қосымша

№ _____ ӨТЕУЛІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ШАРТ

Атырау қ.

« ____ » _____ 202__ ж.

"Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы - ректор С. Н. Идрисовтың атынан, бұдан әрі **"Тапсырыс беруші"** деп аталатын, бір жағынан, бұдан ары **«Орындаушы»** деп аталатын ҚР азаматы _____ осы Шартты жасасып, мынандай келісімге келді:

1. Шарт нысаны

1.1. Өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша **Орындаушы Тапсырыс берушінің** өтінімі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген қызметті көрсетуге міндеттеледі, ал **Тапсырыс беруші** қызметтерді қабылдауға және көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысуға міндеттеледі.

1.2. **Орындаушы Тапсырыс берушінің** өтінімі бойынша мынадай қызметтерді көрсетуге міндеттенеді:

-
-

1.3. Көрсетілген қызметтер актісін (КҚА) ұсынғаннан кейін қызмет көрсетілген болып есептеледі.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Орындаушы міндетті:

- 2.1.1. Тиісті сапада қызмет көрсету;
- 2.1.2. Толық көлемде қызмет көрсету;

2.2. Тапсырыс беруші міндетті:

- 2.2.1. Көрсетілген қызметтер үшін төлем қабылдау және жүргізу.

3. Шарттың бағасы және есеп айырысу тәртібі

3.1. Осы Шарттың бағасы мыналардан тұрады:

- Орындаушы қызмет көрсеткеннен кейінгі және тараптар қолдарын қойған КҚА-ден кейін Орындаушыға көрсеткен қызметі үшін _____ сыйақы төлемі жасалады

3.2 Қызмет көрсету мерзімі « ____ » _____ 202__ ж. « ____ » _____ 202__ ж аралығы.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылымы
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ның жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу туралы ережесі	10- бет

4. Тараптар жауапкершілігі

- 4.1. Орындаушы _____ анықталған барлық кемшіліктерді қоса алғанда ұсынылған _____ бойынша толық материалдық және өзге де жауаптылықта болады.
- 4.2. Осы Шартта көзделмеген Тараптардың жауапкершілік шаралары ҚР аумағында қолданылатын азаматтық заңнама нормаларына сәйкес қолданылады.

5. Дауларды шешу тәртібі

- 5.1. Осы Шартты орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешілетін болады.
- 5.2. Дауларды сотқа дейінгі реттеу рәсімі шеңберінде келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, келіспеушіліктер сотта шешіледі.

6. Қорытынды ережелер

- 6.1. Осы шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалған және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.
- 6.2. Осы Шарт екі данада жасалды. Екі үлгі де бірдей және бірдей күшке ие. Тараптардың әрқайсысында осы Шарттың бір данасы болады.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Тапсырыс Беруші:

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті» КеАҚ
060011 Атырау қ. Студенттер даңғылы, 1.
БИН 990240001891

Басқарма төрағасы - ректор

_____ Идрисов С.Н

Орындаушы:
